


БАСПАСӨЗ БЕТІНДЕГІ БҮГІНГІ АЙТЫСТЫҢ ЖАЗЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Бейсенхан,
СДУ магистранты

Көш бастау қиын емес,
Қонатын жерде суы бар.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде жауы бар.
Шаршы топтың алдында сөз бастау қиын,
Шешімін адам таппас дауы бар.
(Ұлылардан қалған сөз)

Халық ауыз әдебиетіндегі айтыстың түрлері жеткілікті. Мысалы, «Тұрмыс салт» айтысы, «Аужар» айтысы, «Жануарлар мен адамның» айтысы, «Мысал» айтыс, «Өтірік өлең» айтысы, «Бәдік» айтыс, «Жұмбақ», «Дін» айтыс секілді түрлерге бөлінеді. Ал бүгінгі баспасөз бетінде жиі жарық көріп, зерттеушілердің назарын аударып отырған, қазіргі айтыстың көп қолданыстағы түрлері мыналар:



1- сурет. Айтыстың қалыптасқан дәстүрлі түрлері

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін ертедегі бәдік айтыстың негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, басқа айтыстардың ішінде қайсысы ерте, қайсысы кеш туды деп нақты айту қиын. Дегенмен кейбір айтыстардың мазмұнына, лексикасына, сөйлем құрлыстарына қарап, қай заманда пайда болғанын топшалауға болады. Мысалы жануарлар айтысына, өлі мен тірінің айтысына қарағанда, жұмбақ айтысының анағұрлым кеш туғандығы анық. Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күйі мен өнер сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынасудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз. Сондықтан, бұл айтыс XIX ғасырда етегін кеңірек жайған деген түйінге тоқталамыз. Жалпы айтыстың арғы бергі тарихына қысқаша көз жүгіртсек, қай заман болса да өзінің демократиялық табиғатынан айнымай, халықтың тілі мен көзі болып, үнемі бой көрсетіп келеді. Ал, түр жағынан көп өзгерді. Мысалы: Бәдік айтысы. Айтыстың бұл түрі – айтыс жанрларының көне түрі. Ол адамның, табиғаттың жұмбақ сырын түсінбеген кезінде, шаманизм діни нанымна байланысты туған. Адам өзі танып-білмеген күштердің бәріне табынған, солардың бәрінің өз иесі деп білген, жақсылық, жамандық атаулының бәрінің өз тәңірі бар деп ұққан. Бертін келе адамның білім-наным есейе, жетіле келе бәдік айтысы діни нанымнан арылып, жаңа сипат алады, мазмұны жаңарды. Ол енді жастардың әзіл-қалжың ойын айтысына айналды. Онда әзіл-оспақ басым. Ертедегі діни нанымнан туған бәдік мазмұнынан еш нәрсе қалмаған. Өмірге құмартқан жастардың әзілі ғана қалды. Мысалы, 2006 жылғы қазан айында жарық көрген «Шалқар» газетінде марқұм Оразәлі Досбосынов пен айтыскер Айнұр Тұрсынбаеваның ҚХР-ның Үрімжі қаласындағы айтысы басылған екен. Сонда Айнұр ақын әріптесіне: «Елден келгеннен бері түн жортып, қонақ үйге қонған жоқсың. Айбайлаңыз бір-екі жылдан соң, бір топ бала артыңыздан папалап барып жүрмесін», - деген әңгімені айтады. Әзіл сөзге жүйрік, өз есесін қалт жібермейтін Оразәлі марқұм Айнұр қызға: Айнұр қыздың айласын, Ұғынып талай білгем көп.

Түн жорытып жүрсем де,
Асығып көпке мінгем жок.
Жырымды күткен елге кеп,

Ұрпақ шашып жүргем жок, - деп жауап қайтарады. Бұл тақырып ары қарай тереңдеп, дәл сондай көп қауым жиналған үлкен сахнада бұрын соңды болмаған ұятсыз, бәдік айтысы жасалғаны жөнінде ҚХР-ның белгілі жазушысы Ш. Құмар үлкен сыни мақала жазған екен. «Атамекеннен келген ақындар қандастарын менсінбегені ме, әлде тосек байланысынан басқа ештеңені білмейді дегені ме?», - деген өкпесі газетке қара қазандай болып басылыпты.

Демек, бәдік айтысының қазіргі жаңарған түрі арнаулы бір құрбы-құрдастар жиылған ортада болмаса, өлең десе делебесі қозып, үлкен-кіші түгел жиналған қалың топтың алдында көп айтыла бермейтіндігін түйдік. Бәдік айтысы үлкен сахнада жасалған күннің өзінде халыққа имандылық пен ізеттілікті үгіттеген зиялы қауымдар жағынан жақсы пікір тудырмайтындығы белгілі болғандай.

Жар-жар айтысы – қызды ұзатар алдында болатын айтыс. Той тарқар кезде ұзатылар қыздың туыскандарынан өлеңге жүйрік бірнеше ақын қыз-келіншектер қыз отырған үйге келіп, үзіктің бір жағын түреді де, ұзатылар қызбен қоштасады. Екі жақтың ақындары қайымдасып айтысады. Күйеу жігіт жақтың өлеңінде: «Әкеңнің орнын қайын атаң басады, ағаңның орнын қайын ағаң басады, ініңнің орнын қайын інің басады, сіңіліңнің орнын қайын сіңілің басады, уайым жеме», - деген сөздер айтылады.

Айтыстардың ішінде ерекше орын алатын өнер түрі – жұмбақ айтыс. Жұмбақ айтыс халықтың өмір, табиғат құбылысын білсем деген арман-тілегінің елесі. Алуан өмір құбылыстарын түсіну, білу, білмегендерді соған жетектеу, әсіресе жастардың ой-санасын кеңейту тілегінен туады. Сондықтан ұсақ нәрселерден бастап жұмбақ етіп, қиынға көшу, өзінше сол ой-сананы өрістетуге, ойлауға дағдыландыруды мақсат етеді. Жұмбақтардың өзі сияқты, жұмбақ айтысы да ұйқасқа құрылады. «Жұмбағым жұтылды, ыққа қарап құтылды», - бұл бастапқы қысқа түрі. Ал кілең өлеңмен келетін ұзақ түрлері кейінірек туған, әрі адам санасының марқайған кездегі түрі. Бұл айтыс екі түрлі болады. Біреуі – екі ақын жұмбақсыз жабайы айтысып отырады да, ара-тұра жұмбақпен сұрау беріп, жұмбақпен шешеді, екінші айтысты жұмбақпен бастап, жұмбақпен бітіреді.

Ислам дініне сауатты, діншіл ақындардың дін әңгімесін басты тақырып етіп жырлауы дін айтыс деп аталады. Мысалы, Болық пен Елентай ақынның айтысын алсақ, ол былай басталады.

Болық:

Ақын жігіт аталған – Елентайым,
Өнерпаздың өнерпаз білер жайын.
Жауап бер бір азырақ сөз сұрайын,
Әуелі не жаратты бір Құдайым?

Елентай:

Болық маған белгілі сенің сырың,
Біздерден артық емес айтқан жырың.
Бұрынғы даналардан естігенім,
Жер мен көк жаралыпты елден бұрын.

Айтысына дін әңгімелерін басты тақырып етіп алған Болық пен Елентай, бұдан әрі қарай бір-біріне сұрау қоя және жауаптаса отырып аспан әлемін, жердің асты-үстін, табиғат көріністерін, хайуанаттар дүниесін сөзге қосады. Бұлардың бәрін бір Құдай жаратқанын айтып, соған жұртты нандырмақ болады.

Дін тақырыбына құрылған айтыстың тағы бірі – Жүсіпбек Қожа мен Шөкей қыздың айтысы. Діни ұғымдарға байланысты біраз әңгімені айта келіп, Шөкей қыз Жүсіпбектен жер үстіндегі хайуанаттардың жайын сұрайды. Жүсіпбек ол сұрауларға ислам дінінің кітаптары айтатын мөлшерде жауап береді [25. 3-4 б.б].

Дін айтысы біздің ұлтымызбен біте қайнасып бірге жасасып келе жатқан өнер. Бүгінгі күні тәуелсіздігіміздің туын желбіретіп, тіліміз бен дініміздің қайта жаңғыруына байланысты дін айтысы да жанданып келеді. Қазіргі ақындарға қарап отырсаң Аллаһтың атысыз сөз бастамайтындығын байқап қуанасыз. Белгілі айтыскер ақын Мұхамеджан Тазабеков «Жұлдыздар отбасы» журналына (№ 9, мамыр 2010жыл) берген сұхбатында арнайы дін айтысын өткізу мақсаты бар екенін айтады. Осы күнге дейін бірінғай «Дін айтысы» деп ұйымдастырылған арнаулы айтысты көрген жоқпыз. Сондықтан бүгінгі күннің айтыскерлері дін айтысын қалай, қай кезде жасаудың ыңғайын таппай жүрген секілді. Мысалы, Мұхамеджан Тазабеков исламға бет бұрған соңғы жылдары бірінғай дін айтысын жасаймын деп жалпы

айтыстан кол үзіп қалғаны шындық. Ақын туралы халық арасында «Басқа дінге бет бұрып кетіпті» деген өсек те гулеп жүр. Ал кейінкеріміз «Айқын» газетіне берген сұхбатында: «Мен – басымнан бақайыма дейін мұсылманмын», - дейді. Бірақ сақалын өсіріп, киімін, жалпы сыртқы бейнесін өзгерткен. Сондықтан да оған: «Егер сыртқы бейненді өзгертпесең, сахнаға шықпайсың», - деген көрінеді. Сол себепті Париждегі айтысқа барамаған екен. Сондай-ақ барша қауымның сүйіктісіне айналып, айтыстағы өз қолтаңбасын жасап келе жатқан белгілі айтыскер Балғынбек Имашов та исламға бет бұрған кейінгі кездері, барлық айтысын дін тақырыбына бұра бергендіктен қарсыласымен қызықты айтыс жасай алмай жүргендігін көзіміз көрді. Өйткені, залда отырған көрермендердің арасынан «Балғынбек бұрынғысындай айтыса алмайтын болыпты», - деген сөздерді жиі естіп жүрміз. «Жетісу» газетінің «Жас жұлдыздар» айдарында жас ақын Жандарбек Бұлғаков: «Адамның дінге бет бұруы, намазға жығылуы — парыз. Дін қашан да алдыңғы орында. Алайда ақындарымыздың бәрі бірыңғай дін айтысын жасай беру дегендік емес», - деген пікірді айтады.

«Ал бүгінгі айтыскерлеріміз қай деңгейде айтыс жасап жүр? Осы қасиетті өнердің қадірін кім қаншалықты біледі?», - деген мәселеге тоқталсақ, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері Оразақын Асқар ағамыз, **1998 жылы, мамыр айында жарық көрген «Шалқар» газетінің «Көкейтесті» айдарына бүгінгі айтыс туралы былай деп жазады:** «Қазіргі сахналық айтыстар алдын – ала арнайы ұйымдастырылады. Алдымен ауылда, ауданда ел ішіндегі көзге түсіп жүрген арқалы ақындар іріктеліп, айтысқа түседі. Одан озғандары сұрыпталып, обылыста бағын сынайды. Содан барып республикалық, тіпті халықаралық айтыстарға түсетін жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар белгіленеді. Бұл айтыскерлерді қаншалық суырыпсалма дегенімізбен, алдына ала іштей әр алуан тақырыпқа барынша дайындалғандар. Осылай болып қалуы мүмкін-ау деген болашақ қарсыластары туралы мәлеметтер де жинайды. Бұрынғы – соңғы айтыстарды да қадағалап, үлгі - өнеге алады. Сөйтіп барып қара өлеңнің «Амандасу», «Арнау», деп аталатын түрлерін өзінше жаңғыртып, кіріспе айтып барып, негізгі айтыстарына түседі», - дейді. Бірақ қазіргі заманның ақындары алдына ала дайындалған осы екен деп, айтыстың «Ә» дегендегі амандасуынан бастап соңғы қоштасардағы сөзіне дейін түгелімен жаттап алады. Мысалы, Қазақстан телеарнасынан көрсетілген «Аламан айтыстағы» жас ақындарға екі сағат айтысасың десе, сол екі сағатта айтатын сөзін түгелімен жаттап барғанын көзіміз көрді. Тіпті айтыс өнерінің үлкен үлгісін көрсетіп жүрген «Жүрсіннің жүйріктері» арасында тіпті бір-бірімен алдын ала айтар әзілдеріне дейін келісіп алып, күр әпшейін сахнада терме айтуға келетіндері де бар. Одан қала берді, бір айтыста айтқан өлеңін, екінші бір жерде айнытпай қайталайтын әдет қалыптастырды. Жалпы айтыскерлердің айтысқа дайындықпен, сақтықпен келгені жақсы-ақ. Бірақ кілең жаттандылыққа салынған айтыстың ғұмыры ұзаққа бармайды. Айтыс – уәж, дәлелге құрылған екі қарсыластың ақындық сөз сайысы, өнер бәсекесі сондай-ақ ол ертеден ақынды ақын деп танытатын бірден-бір өнер мектебі саналып келген. Жаңа талап жас ақынның шаршы топ алдында атакты ақынмен әдейі іздеп келіп айтысуы да осы мақсатпен туып отырған. Және де, жеңілсе де осы айтысудың өзі сол ақынның атынан ел ішіне кең жайылып, ақын ретінде қажетті жағдай жасап отыр. Бұл күнгі айтыскерлерге беретін сый-құрмет те аз емес. Өрине төл өнеріміз үшін қазақ халқы барын аямаған. Десе де қазіргі ақындарымыз сол сыйға лайық айтыс жасай алып жүрген жоқ.

Белгілі ауыз әдебиетінің зерттеушісі Мырзатай Жолдасбеков: «Бүгінгі ақындарымызға тән тағы бір кемшілік – қоғамның жақсылығын көрмей, ылғи гайбаттау. Қоғамның мінін айтқан теріс емес, бірақ, тауып айту керек. Содан қортынды шығатындай етіп айту керек. Тәуелсіздіктің елге берген құндылығы аз емес, біздің ақындарда осы жағын айту жетіспейді. Өз жетістігімізді өзіміз айтпағанда оны кім айтады? Ақындарсыз да аяқтан шалатын күншілдер қоғамда жегеді. Ақындардың парызы – аталы сөз айту. Артына өнегелі сөз қалдыру. Дайын іске мінші көп дегендей, кемшілік айтуға, қоғамды сынауға бәрі де шебер. Ұрпаққа, келешекке қалар аталы сөзді кім айтады? Жоқты – барды сахнада езіп отырып алу қаншалықты қажет? Қоғамға қазір өрелі ой, кошелі сөз керек болып тұр. Барлығымыз отырып алып, отанымызды, өз басшымызды жамандай берсек, оның халық алдындағы беделіне дақ түсіре берсек, бізге жақсы елі мен жақсы басшысын кім береді? Енді ғана тәй-тәй басып, өсіп келе жатқан жас мемлекет екенімізді ұмытпағанымыз жөн», - дейді [3. 6-9 б.б.]. Айтыс болған жерде, сол қоғамның кемшілігі, халықтың билікке деген араздығы мен ықыласы айтылмай қалмайды. Мырзатай ағаның пікірінше айтыс ақындарының барлығы үкіметке қарсы сөз айтып, биліктің сырын білмей сынайды дегені сыңар жақтылы көзқарас. Мысалы 2004 жылғы көктемде өткен жекпе-жек айтыстағы **Айбек Қалиев пен Мәліс Қосымбаевтің айтысы, 2005 жылы 4-қарашадағы «Алтын орда» гезетінің №44 санында жарияланған екен. Айбек:**

Дабыра ақын деген атымыз бар,
Тікелей эфирінді пайдаланып.
Үш ауыз ханға айтатын датымыз бар,
Алланың да аузында заңының да.
Үш ауыз дат айтуға хақымыз бар,
Заманның зарлы үнін ханға айтуға.
Ақиқатын ашатын дәтіміз бар,
Датымыз шекпендіге ұнамаса,
Міне бас, асыңыздар, атыңыздар.
Датымның біріншісі тілім жайлы,
Ислам ілім тұтқан ділім жайлы.
Орысша, ағылшынша сөйле деген,
Бүгінгі тірліктегі ұғым жайлы.
Тіл өшсе, күні қоса өшетінін,
Шенеуліктер неліктен ұғынбайды?
Датымның екіншісі жерім жайлы,
Жерім дер еңірегем елім жайлы.
Жабайы тірлік кешкен бауыр жайлы,
Үкіметтен ауылдар күдер үзген.
Құдайдан басқа ешкімге жалынбайды...

Бұл жалғыз ақынның емес, осы қоғамдағы бүкіл қазақты толғандырып отырған басты мәселе. Сондықтан бүгінгі ақындарымыздың баршаға ортақ шындықты жырлау жағына көз жұмуға болмайды. Десе де, шындықты айтып, билікті сынаған осы екен деп, ақындарымыздың асыра сілтеушілікке салынатыны да жасырын емес. Қазіргі айтыс ақындары ел өмірін жырлаған осы екен деп, айтысты саясатқа айналдырып бара жатқан секілді. Онсыз да кез-келген БАҚ құралдары саясат тақырыбына баса назар аударады. Сондықтан айтыс өнері ең бастысы, тапқырлық пен сөз күдіретіне мән беру керек деп ойлаймын. Мысалы «Жас Алаш» газетінің №24 санында жарық көрген «Сара мен Айбектің» айтысындағы үзіндіде Айбек:

Айтыспен мәңгілікке қоштасамын,

Нұраған тұғырынан түскен күні, - деп айтады. Бір ақынның айтысқа шығу шықпауы барша қазақты билеп отырған Елбасына қатысы қанша? Ақын қай дәуірде болсын халықтың мұңын жырлаудан жалықпауы керек. Ал, ертең Нұрағамыздан кейін басқа бір Елбасы келіп, ол да үлкен қателіктерді жіберіп жатса, сонда Айбек ақын көре тұра, үндемей қалады деген мағынаны білдіргені ме? Қазіргі айтыскерлердің көбінде осындай асыра сілтеушілік пен сыңар жақғылы көзқарас басым. Айтыстың қыр мен сырын меңгеріп, нені айту керектігін біледі деген ақын да, енді ғана екі сөздің басын құрауға талпынып, жүрген сарыауыз балапан жас бала да, айтыстың мәні осы деп Елбасымыздың саясатына жармаса жөнеледі. Өзінің білім өресімен санаспай тұрып, беталды сөйлеу мәдениетсіздік. ҚР-ның халық ақыны Әселхан Қалыбекова «Жас Алаш» газетіне берген сұхбатында былай дейді: «Қазақтың поэзиясы шыңға шығып, прозасы аспандап тұрғанда айтыс өнері неліктен кенже қалуы керек? Олқылықтар не себепті орын алып жүр? Айтыста ең негізгі рөл – сөз мәдениетін түсіну. Ақынның өлеңіне қол соғып, делебесі қозып отырған көрермендердің де көзқарасы әр түрлі. «Кейде көршінің аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деп, кейде салмақты сөзден гөрі арзан әзілді жоғары қоятындар кездеседі. Осыны түсінген кейбір сіңілдеріміз бен інілеріміз көрерменнің ойынан шықсақ болды деп ұсақтыққа барады. Айтыстың беделінің түсуі де осыдан. Сондықтан да ақындар бір жүлдені ғана ойлап, айтыстың бағасын түсірмеу керек. Керісінше аталы сөздерді айтып асқақтату қажет. Міне, сол кезде ғана талаптың өлшемі биіктей түседі», - дейді. Әселхан апамыз айтқандай, шынымен де бүгінгі ақындарымыздың көбі қомақты жүлде мен шеті аудиторияның көңілінен шығу үшін, асыра сілтеушілік пен ұсақтыққа салынып, сөз мәдениетін сақтамайды. Мысалы Сара ақының 2006 жылы мамыр айындағы Семей қаласында өткен айтыста:

Қытайға тиіп кетсем де,

Семейдің шығам атынан, - дегені бар. Мұнда ақын туған еліне деген мәңгілік махаббатын бейнелегісі келген шығар. Алайда қазақтың қаншама атпал азаматтары тұрғанда, ұлтын, дінін ұмытып Қытай жігітіне тұрмысқа шықса, онда оның ақын боп айтысқа келгендігі, Семейдің атын асқақтатқандығы кімге керек?

Мырзатай Жолдасбеков «Қазіргі айтыс» кітабының алғы сөзінде: «Осы кезде ақындардың үнемі айтып жүрген ырғағын бірнеше топқа бөлуге болады. Серік Құсанбаевтің ырғағы, Мұхамеджанның ырғағы, Аманжол Әлтаевтың ырғағы, Оразәлінің ырғағы, Мәлістің ырғағы,

Айнұр Тұрсынбаеваның ырғағы, Сара Тоқтамысованың ырғағы. Бұлар да ақындардың өздері жасап алған ырғақ емес, көбінде халықтық ырғақтар. Айтыскерлерде өзіндік бет болу, айтыста сол өзіндік бетімен көріну баяғыда дәстүрге айналған. Қазіргі ақындардың өзіндік «мені» әлсіз. Біздіңше, айтыс ақыны ешкімге еліктемеуі керек. Еліктегені – өлгені. Мақам мәселесін әр ақынның паспорты деп қарағанымыз жөн. Өйткені өзге ақынның әуенімен айту деген сөз – сол ақынның көшірмесі, көлеңкесі болу деген сөз. Қайталау білім анасы болғанымен өнер анасы емес екенін естен шығармаған жөн. Біреудің әуенін айту – біреудің атына мінгескенмен бірдей. Қыз біткеннің бәрі Айнұрдың әуенімен айтып жүр. Қазақта үш-төрт әуеннен басқа әуен жоқ дегенге ешкім сенбейді. Мұның бәрі түптеп келгенде ақындардың ізденбейтіндігінің дәлелі. Айтыста өлең айту өз алдына, айтқан сөзін халыққа жеткізе білу ақыннан үлкен шеберлікті талап етеді. Біреулер осал сөзінің өзін жеткізіп айтып, жұрт ықыласын өзіне аударып жатса, біреулер тәп-тәуір сөзін жеткізе алмай жатады», - деп жазады. Әрине әр ақынның өзіне жарасымды, өзіндік мақамы болғаны дұрыс. Алайда айтыскер ақын болу үшін композитор болу шарт емес. Мейлі кімнің әуенімен айтса да өз ойын нақты, сөзін көркем етіп, әдемі дауыспен жеткізсе жеткілікті. Қазіргі айтыстың жүгін арқалап, азулы айтыскер атанған ақындардың 70% - ында өзіндік мақам бар. Ал, кейінгі өсіп келе жатқан жас буын, Аманжол, Мұхамеджан, Оразәлі, Айнұр, Ақмарал секілді аға-әпкелеріне еліктесе несі айып? «Көш жүре келе түзеледі» дегендей алдымен аузындағы сөзін саралап, ой өресін жетілдіруді мақсат еткен ақынға келмей жатып, жаңа әуен жайлы талап қойсақ ауырлау болар. Онсыз да ақындар өзінің жанына жақын әуендерді талдай білетін қабілетке ие екендігі даусыз.

Мырзатай Жолдасбековтің «Егемен қазақстан» газетіне жарияланған «Атасын ақиқаттың айтыс айтқан» атты мақаласында автор: «Бүгінгі айтыскерлердің көбі қарсыласын мақтаудан бастайды. Айтыскер қарсыласын мақтаған кезде оны өз мақсатына жету үшін ғана мақтау керек. Мақсатсыз мақтай беру – өзін-өзі кемсітудің, орынсыз қорланудың бір түрі. Өзіне сенбеген, қарсыласын өзінен жоғары қойған ақыннан жеңіс күтуге болмайды», - дейді. Әрине, өзін қор санап, рухсыздық танытқан ақынның табысқа жетері қиын. Десе де, орынсыз аптығып, сөз қадірін қашырып, өзінің әлсіздігін мойындаудың өзі білгірлік. Ертедегі айтыспен салыстырғанда қазіргі айтыстың бір артықшылығы қарсыласының шыққан биігі мен жақсылығын жасырмай айту. Тиісті жерінде жақсы тілегін білдіріп, шабыттандырып отыру. Ол – ертедегідей ру-руға бөлініп, жер дауымен қырқыспай, береке-бірлігі жарасқан тату елдің айғағы деп білеміз.

Қазіргі айтыстың заманға сай жетістіктерінің бірі – тыңдаушысын күлкіге қарық ететін сатиралық деңгейінің айтарлықтай жоғары көтерілуі. Бұл – кезінде қыз бен жігіт айтысында көп көрінгенімен қазіргі айтыстың бәрінде қолданылатын үрдіс. Айтыстағы сатира мен жеңіл әзіл тыңдарманды желпіндіріп, сергітіп тастайды. Бүгін де көрермендердің көбі айтысқа демалу үшін келетіндері жасырын емес. Қазіргі ақындарымыздың әзіл-қалжың аралас айтыстың дамуына көп үлес қосқанын бағалауымыз керек. Әлеуметтік саладағы келеңсіздікті де, қарсылас ақынның қалт кеткен осал тұсын да қас-қағымда өткір сатираға түсіріп үлгеретін, қарсыласының жанын ауыртпай, көрермендердің көңіліне қаяу түсірмей, күлкіге қарық қыла отырып, жетер жеріне жеткізе айтатын ақындардың бірі Балғынбектің бір айтыста Иманғазы Нұрахметұлына:

Монғолдан келді ағайын,

Монғолды ертіп келген жоқ.

Пәкістаннан келді ағайын,

Үрдуды ертіп келген жоқ, – деп термелей келіп:

Сен келіп ең артыңнан,

Қара қытай қаптады,

Сен кімсің деп тергеу жоқ.

Шынын айтам ағасы,

Ағайынның өзіндей,

Құйрықтысын көргем жоқ, - деген шумағы әлі күнге дейін жұрттың есінде.

Жалпы, қазіргі ақындарымыздың проблеманы көтеруі, әріптесінің жанды жеріне тигізіп айтуы бір басқа, соншалықты ауыр сөздің салмағын түсірмей әрі ащы әжуамен айтуы да есті кісіге үлгі болардай. Туған тіліміздің, тума өнеріміздің үлкен жанашыры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің бүгінгі айтыстың беталысы, кемістігі мен артықшылығы жайындағы зерттеу мақалалары «Егемен Қазақстан» газетіне жиі басылып жүр. Автордың «Қазаққа Алланың берген сыйы еді», «Айтысты аласартып алмайық» атты проблемалық мақалалары айтыс өнеріміздің бүгінгі мен болашағы жөнінде баршамызға ой салады. Бұл мақалалар төл өнерімізге шын жанашырлық жан айқайы. «Бүгінгі таңда «асықпаған арбамен қоянға жетер» заманның келмеске кеткенінің куәсі болып отырмыз. Жаһандану өршіп келе

жатқан кезеңде біз өзіміздің тол өнерімізді аяқасты етіп, еріккеннің ермегіне айналдыруға тиіс емеспіз»,– деген өзекті пікірі оқырманды толғандырары сөзсіз. Шынында да, қазіргі айтыс өнері өз биігінен көрінбей жүргені сұлу сыр-сипатынан айрылып, ішкі мазмұны сұйылып бара жатқаны ешкімге де жасырын емес. Өйткені айтыскерлеріміздің басымы арзан қылжың, әзіл – оспаққа беріледі. Мысалы, ұтымды ой, келелі сөз айтады деп сенген Айнұр, Акмарал секілді ақындарымыздың ұсақталып бара жатқанын көріп жүрміз. Олармен айтысқан жігіт, сахнаға шыға салып жеңеше деп мәймөңкелеп, айтыстың негізгі тақырыбын осы арнаға бұрып жібереді де: «Сізді ағай қалай жіберді, кімге сеніп жіберді, қонақ үйдің номерінде жалғыз қалай жатып шықтыңыз, ұйқыңыз шала болған жоқ па?»–деп, бұқаша әукесі салбырап, екі көзі тұнып отырып алады. Қарсыласы – әйел айтыскер де онып тұрғаны шамалы. Олар да: «Қайным-ау, ендеше, есікті өзің келіп неге қақпайсың?»– деп майысады. Осы күні Сара қызымыз сахнаға шықты болды, кез-келген айтыскер сүйем, күйем деп жабысқанды әдетке айналдырды. Жас жігіт болса тағы бір сәрі, Серік Құсанбаев, Кенжебай секілді әкесіндей ағаларымыз әдептен озып, қаршадай қызды тоқалдыққа аламын деп жабысатыны тағы бар. Алайда оған тосқауыл қойып, қарсыласының көргенсіздігін тоқтатуға талпынған Сара жоқ. «Сіз маған ұнамайсыз, өйткені мұрныңыз қисық, көзіңіз кішкене екен»,– деп әңгімені ары қарай өрбітеді. Тіпті сөз салып айтыспаған жігітке «Кезінде мені аламын деп алдап кеткенсің?» деген жасанды әңгімені өзі қозғайды. Әрине айтыстың қызықты, көңілді өткені дұрыс. Деседе сөздік қоры мол қазақ ұлты үшін, қисынын тапқан ақынға айтар әзіл жеткілікті деп ойлаймыз. Оның үстіне өнер бәйгесіне қатысқан өнерпаз сол айтыстың қадірін түсірмегені ләзім. Дүйім жұрттың алдына шығып, екі ауыз өлең айтқан ақынның барлық сөзі алтын емес. Айтар ойы жоқ, тек сөз сапырғандардың үйдегі «заготовкамен» келгені айтыстың сапасын түсіреді.

«Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы» атты кітапта: «Айтыс өзінің ішкі құрылым-табиғаты мен мазмұны жағынан лирикалық кіші жанрларға да, лиро-эпос пен эпикалық жанрларға да көп ұқсас, бұлар ғасырлар бойы бір-біріне елеулі әсер етіп, қоян-қолтық жалғаса дамып келген. Халық жүрегіне ұялаған айтыстардың болып өткеннен кейін екінші бір елеулі де маңызды кезеңі басталады. Сол айтысты кейін ел ішінде айтып таратушы ақын (мейлі жеңген ақын, мейлі жеңілген ақын) оның қай жерде, қалай өткеніне, айтыс тағдырын шешуге қатысы бар түйінді жәйіттерді баяндайтын қосымша: өлеңмен кіріспе – түсіндірмелер, азды-көпті өңдеулер қосып халыққа таратып отыратын болған», - деп жазылады. Шынымен де, біздің бұрынғы ақындарымызда үлкен этика болған. Жеңілген адам өз кемшілігін мойындап, сол айтысты халыққа таратып отырған. Қазіргі ақындар жеңілгенін мойындамақ түгілі, тоқтаусыз айта бергенді дұрыс көреді. «Тоқта!» десең де тоқтамайды. Жүргізіп отырған Жүрсін ағаға да, әділқазылар алқасына да жармасып «маған сөз бер» дейді. Алайда онысы өнер емес. Бізге керегі – өнер. Айтыс халықтық өнердің бір түрі. Ал, баяғының ақындары бір жырды мысалы, «Алшамысты» орындағанда түрлі образдардың тілінде сөйлеген. Сақау әйелдің сөзіне келгенде сақауланып сөйлесе, әкесінің зарын сай-сүйекті зарлатып тұрып айтқан. Батырлар жыры болсын, салт-дәстүр жырлары болсын, бәрін сондай шеберлікпен орындаған. Орыстарда «театр одного актера» деген ұғым бар. Дәл солай қазақ жыршылары шығармалардағы кейіпкерлердің бәрін түгелдей өз рөлімен ойнап шыққан. Бұл өнер қазір тек Ринат Зайытовтың ғана бойынан көрініс тауып жүр. Әрине, сөз жүйесін тапса бәрі дұрыс. Бірақ біздің бүгінгі ақындарымыздың көбі қарсыласының басым түскенін мойындай бермейді. Бүгінгі ақындарымызға осы ерлік жетіспейді.

Айтысты өсіретін – орта. Ендеше айтыстың рухани көтеретін биік деңгейі, ықыласты көпшілік, зиялы қауым керек. Айтыс қай заманда да ел жиналған, ел ағалары, игі жақсылар қатысқан ұлы жиын-тойларда өткен. Айтыстың өзі оқиға болып саналған. Қазір айтыс ауыл аралап кетті. Кез-келген жердегі қалталы аз ақшасын жылт еткізсе, ақындар домбырасын құшақтап сонда баратын болды. Бір жеті де үш-төрт айтысқа қатысатын ақындар бар, ондай ақын елге не айтады, ондайлардан не күтуге болады? Мысалы, осы жылы наурыз айының 18-19 күндері Шымкент қаласында дүркіреп республикалық айтыс өтті. Сол айтыста сайысқа түскен Сара Токтамысова мен Айбек Қалиев араға бір күнді салып 20-21 күндері Алматы қаласындағы айтысқа қатысты. Сонда қаншалықты жаңалық аша қояды дейсіз? Шымкентте айтқан сөздерін Алматыға келіп алып айнытпай қайталап шықты. Сөздің құнын білетін елдің бірі оңтүстікте 1-ші орынға жарамаған ақындардың сол шумақтары, Алматыға келіп біреуі бас жүлде орындағы миллионды ұтып алса, біреуі бірінші орынды иеленді. Бұл сайқымазақты көріп отырған сатирик Көпен Әмірбек сол айтыс кезінде сахнаға шығып шындықты айтқысы келсе де мәлім біреулердің тосқауыл болғанын өз көзіміз көрді.

Халық үшін өнер қуып жүрген ақындардың өнер көрсеткені де, өзіне лайық сый-құрмет көргені де жөн. Оны ешкім қызғанбайды. Тек айтыстың көп өткеніне емес, сапасының төмендеп бара жатқанына алаңдайсың.

Summary

The article deals with the differences and similarities of process of spreading information with the report of publicity's enormous genre on aitys. Special formal scheme of aitys and its peculiarities are defined.